

- Шағын және орта кәсіпкерлікті анықтауда «айналым» критерийін қолдану.  
- Өзін-өзі басқарушы (тәуелсіз) кәсіпорындар, серіктес компания, өзара байланысты кәсіпорындар түсінігін енгізу. Шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау бағдарламаларына серіктес немесе тәуелді кәсіпорындар енгізілдеуі керек не қатысуы шектелуі керек.

Бұл ұсыныстарды негізге ала отырып, шағын кәсіпкерлікті несиелеу бойынша ұсыныстар жасауға болады.

Банктік тәжірибеде шағын кәсіпкерлікті қаржыландыруға олардың ынтасы төмен екендігі белгілі. Қазіргі кезде аймақтарда: ұсақ сауда орнын, тамақтандыру саласы сияқты өте қарапайым жобалар ғана ұсынылады.

Елде отандық шағын және орта кәсіпкерліктің тиімді дамуы үшін қызметі инновацияны енгізумен, өнім экспортымен байланысты, ШОБ субъектілері жеңілдетілген несиелеу сияқты қолдау түрін әрі қарай тарату және кейбір жағдайларды іске асыру механизмін құру қажет, франчайзинг, венчурлік бизнесті субмердігерлік және лизингті белсенді қолдану үшін жағдайлар жасау керек. Осындай қолдаудың нәтижесінде шағын кәсіпкерлік ұлттық экономикада елеулі рөл атқара бастайды.

Сонымен қатар, шағын кәсіпкерлікті несиелеудің және қаржыландырудың мынадай жүйесін құруды ұсынуға болады:

1. Ең басты міндет – ол шағын және орта кәсіпорындарын несиелеу мен қаржыландыру көлемін ұлғайту;

2. Елдің барлық аймақтарында несиелік мекемелердің желісін кеңейту бойынша нақты шараларды қолға алу;

3. Шағын кәсіпкерлік субъектілерінің қарыз қаражаттарға қол жеткізу мүмкіндіктерін құру үшін Үкімет, өкіметтің аймақтық органдары шағын және орта бизнес кәсіпорындары алатын несиелердің кепілдендірілген жүйесін құру;

4. Банк қызметін қайта құру керек. Мемлекеттің шағын және орта бизнесті несиелеу мен қаржыландыру бойынша саясатын жүргізуге маманданған банктер мен қаржы ұйымдарының жүйесін қалыптастыру;

5. Қарыз алушының несиелік тарихын жинақтайтын несиелік бюросын құру қажет.

Аталған мақсаттарды орындау үшін шағын кәсіпорындарға берілетін несиелер бойынша пайыздық мөлшерлемені қаражаттандыру бағдарламасын жүзеге асыру кезінде бюджеттің барлық деңгейдегі қаражаттарын бөлу керек. Сонымен қатар, соманың қайтарымдылығына кепіл беретін сақтандыру қорының жүйесі болуы шарт. Шағын кәсіпкерлікті несиелеуді қолдауда кешендік көзқарастың қажеттілігі ұзақ мерзімдік тұрақтылықтың кепілі бола алады.

*М. Байзақов*

## **МЕНШІККЕ САЛЫНАТЫН САЛЫҚТАРДЫҢ ДАМУ ПРОБЛЕМАЛАРЫ**

Қазақстан Республикасындағы мүлік салығын жетілдіру мүлік және жер салықтарын кезеңімен қосу арқылы мүлік салығынан жылжымайтын мүлік салығына көшуге бағытталуы тиіс. Мұнда салық салу объектісі ретінде тек негізгі құралдар құны емес, жердің нарықтық құны да қарастырылады.

Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуындағы өзгешеліктерді ескере отырып, жеке тұлғалар, дара кәсіпкерлер мен шағын бизнес субъектілері үшін салық ставкалары аймақтар мен жылжымайтын мүлікті пайдалану мақсаттарына сай дифференциациялануы керек.

Жылжымайтын мүлік салығы мүлік салығы мен жер салықтарын алмастырады. Сәйкесінше, жылжымайтын мүлік салығын төлеушілер мемлекеттік немесе жергілікті жылжымайтын мүлікке заттық құқыққа ие болатын заңды тұлғалар мен жеке тұлғалар және

жылжымайтын мүліктің меншік иелері. Салық салу объектісі жер учаскелері (орман қоры жерлерін қоса алғанда), ғимараттар, құрылғылар және басқа да жылжымайтын мүлік. Ал, салық базасы әр жылдың бірінші қаңтарына есептелген объектінің нарықтық құны болуы қажет. Тұрғын үй (пәтер, үйлер) үшін салық салу сомасын есептеуде нарықтық құнының жартысын қолдануға болады. Жылжымайтын мүлік салығын енгізу үшін жылжымайтын мүлік реестрін және салықтың оңтайлы ставкаларын жасау керек. Сонымен қатар жер учаскелерін кодтау және ғимараттарды, құрылғылармен, құрылыстармен қоса жүзеге асырылуы керек. Реестр объектінің барлық техникалық сипаттамалары (ауданы, биіктігі, қабырға материалы) туралы ақпараттан және мүліктік құқықтар мен құқық субъектілері туралы мәліметтерден тұруы керек. Ал оңтайлы салық ставкаларын анықтау үшін кешенді талдау жүргізу қажет. Ол үшін сатылымдарды салыстыру әдісімен реестрдегі техникалық сипаттамаларды пайдалана отырып, математикалық әдістермен өндірістік, коммерциялық және тұрғын үй мен көп пәтерлі жылжымайтын мүлікті бағалау жүзеге асырылуы қажет.

Толық меншік иелерін жылжымайтын мүлік салығын төлеушілер қатарына жатқызу мақсатқа сай болып табылады. Біріншіден, ол жер объектілерін тиімді пайдалануды ынталандырады, меншік құқығы негізінде жылжымайтын мүлікті экономикалық айналымға қосады және активтерді қайта құрылымдайды. Екіншіден, қаражаттарды өндірісті жаңартуға және технологияларды дамытуға мүмкіндік береді. Үшіншіден, бюджет жүйесінің деңгейлері бойынша қайта бөлу салдарын жеңілдетуге болады.

Егер бұл салықты төлеушілер ретінде меншік құқығында жер учаскесі мен сонда орналасқан объектілері бар ұйымдар қарастырылса, бірыңғай объектілердің қалыптасу деңгейіне байланысты ұйым мүлігі мен жер салығын біртіндеп жылжымайтын мүлік салығына ауыстыруға болады.

Жылжымайтын мүлік базасын барлық объектілер бағаланғаннан кейін салық ставкасының қай түрін қолдану туралы талдау жасалуы керек. Себебі екі салықты біреуге ауыстырудан орын алуы мүмкін болатын шығындарды төмендетуі қажет.

Салықты енгізудің бірінші кезеңінде бюджет шығындары жоспарланады. Келешекте жылжымайтын мүлік нарығының дамуынан, салық салу объектілерінің құнының артуынан шығындардың орнын басуға мүмкіндік беретін болады. Нәтижесінде, бизнес дамыған сайын, табыс салығы есесінен түсімдер көлемі артуы керек.

Жылжымайтын мүлік салығына өту кезеңімен салық төлеушілер категориялары бойынша жүзеге асырылады. Бұл салықты енгізу жергілікті деңгейде көлемі мен мерзімі бойынша ауқымды дайындық жұмыстарын жасауды және мемлекет деңгейінде бірнеше мәселелерді шешуді қажет етеді. Мұндай мәселелерге келесілерді жатқызуға болады:

- салық салу мақсатында жылжымайтын мүлік объектілерін бағалау әдістемесі мен бағалау нәтижелерін қарау механизмін жасау;
- салық салу мақсатында жылжымайтын мүліктің бірыңғай реестрін жасау;
- салық органдары мен жылжымайтын мүліктің технологиялық және кадастрлық есебін жүзеге асыратын органдардың, жылжымайтын мүлікке мемлекеттік тіркеу құқығын және олармен мәмілелердің, жергілікті органдардың өзара қарым-қатынасын қамтамасыз ету;
- салық салуға байланысты заңнамаларды енгізуде іс-шараларды жүзеге асыру қажеттілігі;

Жылжымайтын мүлік салығын әкімшіліктендіру жеңіл болуы қажет. Себебі, заңды тұлғалардың мүлік салығын есептеуге қарағанда оны есептеу оңай. Жергілікті органдарда әр жылдың бірінші қаңтарында салық салынатын жылжымайтын мүлік құнын қайта есептеу жүргізіледі. Салық төлеушілер белгілі ставкамен салықтың жылдық сомасын есептеп, тоқсанына бір рет соманың төрттен бірін төлейді.

Жылжымайтын мүлік салығын енгізуге қатысты көптеген көзқарастар бар. Заңды тұлғалар үшін салық төлемдерін өздігінен, еш қиындықсыз болжауға болатындығы жағымды жаңалық болар еді. Сондай-ақ оның көптеген қырлары бар. Осы қырлардың анық жағымды екенін анықтау үшін артықшылықтары мен кемшіліктерін саралау қажет. Мысалы, салық салудан шығарылатын негізгі қорлар. Бұны жағымды жағынан қарастыруға бола ма? Біздің

жағдайымызда, яғни өндірісті дамыту қажеттілігінде бұл жағымды жағдай, ал бюджет үшін бұл жағымсыз, сондықтан бизнес пен бюджеттің қызығушылықтарын баланстау керек. Негізгі қорларды қайта құратын кәсіпорындар үшін кәсіпорындар мүлкіне салық салу экономикалық тиімсіз.

Одан басқа, жылжымайтын мүліктің нарықтық құнын анықтайтын құрылымды таңдау қажет. Егер бұл міндет, мысалы, коммерциялық ұйымдарға жүктелетін болса, онда мемлекет оларға осы рыноктағы «ойын ережесін» анықтауы тиіс.

Ал, жылжымайтын мүлік салығын енгізуде жылжитын негізгі құралдар мүлік салығын салудан толығымен босатылатындықтан, өндіріс көлемін ұлғайтуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, салық төлеушілер үшін шаруашылық жүргізу болжанатын жағдайын жасау, инвесторлар тарту шарттарының айқындылығын қалыптастыру, инфрақұрылымды дамытуды ынталандыру, жерлерді тиімді пайдалану және жылжымайтын мүлік рыногын активизациялау мұның бәрі жылжымайтын мүлікке салымдардың қызығушылығын арттыруға жағдай жасайды. Ал бұның нәтижесі жылжымайтын мүлікке сұраныстың артуы болып табылады. Ары қарай рыноктық құн өсіп, жергілікті бюджет түсімдерінің артуы орын алады.

Жергілікті бюджет үшін бұл кірістің басты көзі болып табылады. Бірақ жылжымайтын мүліктің нарықтық құнын анықтауда оны көтеріп жіберуі мүмкін. Бұл салық төлемдерінің көлемін арттыруы мүмкін.

Жылжымайтын мүлікке салық салу жүйесінің мемлекет үшін артықшылығы және оның тиімділігімен қатар, қарапайым тұрғындар үшін оның ауыртпалығы да бар.

Жылжымайтын мүлікке салынатын салық – келешегі зор салықтардың бірі. Оған басқа салықтардан ерекше механизм, соның ішінде салықтың басқадай дара айқындалған объектісі тән. Бірыңғай жылжымайтын мүлікке салық салу жүйесі деп нарықтық құны бойынша бағаланған жер, ғимараттар мен құрылыстардан құралатын жинақталған салық салу объектілерінен тұратын салық түсіндіріледі.

Жылжымайтын мүлікке салынатын салыққа көшудің негізгі идеясы – салық ауыртпалығын негізгі қорлардың белсенді бөлігінен, ең алдымен, машиналар мен жабдықтардан, пассивті бөлігіне – ғимараттарға, құрылыстарға, құрылғылар мен жерге аудару. Нақты алғанда, бұл салық ауыртпалығын ағымдағы инвестициялардан жинақталған инвестицияларға, яғни жиі-жиі жаңартып тұруды қажет ететін жабдықтардан, неғұрлым ұзағырақ кезеңде жаңартылатын ғимараттар мен жерге ауыстыруды білдіреді. Мұндай қадам жаңа жабдықтарға салық салуға мүмкіндік береді және инвестициялық процестің дамуын тежейтін кедергілерді жояды.

Сонымен қатар, нарықтық құн негізінде салық салу жер ресурстарын барынша тиімді пайдалануға ынталандырады. Жер учаскесін пайдалануға салық ауыртпалығының өсуі оны барынша оңтайлы пайдалануға итермелейді. Нәтижесінде көптеген қалалардың орталығында сақталған ірі өндірістік алаңдар, біртіндеп ығысып коммерциялық жылжымайтын мүліктер (дүкендер, кеңселік орталықтар, қонақ үйлер және т.б.) мен беделді тұрғын үй аудандарына орнын береді.

Қазіргі таңда Қазақстан экономикасының дамуымен байланысты жылжымайтын мүлікке салық салу жүйесін енгізу біздің тұжырым бойынша төмендегі ұстамдардың негізінде жүзеге асырылу қажет деп санаймыз:

1. Жылжымайтын мүлікке салық салу бойынша бюджетке түсетін салық сомасы жеке және заңды тұлғалардың мүлкі мен жеріне салынатын салық сомаларымен салыстырылуы тиіс;

2. Жеке тұлғалар үшін есептелген жаңа салық сомасы олардың қаржылық мүмкіндіктерінен асып кетпеуі керек;

3. Әлеуметтік жағынан төмен немесе қорғалмаған тұрғындардың топтары үшін жеңілдіктер берілуі тиіс;

4. Нақты сектордағы ұйымдарды (агроөнеркәсіп кешеніндегі) ұйымдарды ынталандыру қажет.

Егер Қазақстан Республикасында жылжымайтын мүлікке салынатын салық жүйесін енгізетін болсақ, онда жеке және заңды тұлғалардың мүлік және жер салығы өзгертіледі. Соған байланысты жылжымайтын мүліктердің пайдалану бағытына, оның түріне, одан алынатын пайданың мөлшеріне, орналасқан жеріне және басқа да артықшылықтар мен техникалық сипатына байланысты түзету коэффициенттері қолданылады.

Жылжымайтын мүлікке салық салу жүйесіне біртіндеп көшудің нәтижесінде төмендегі мақсатты міндеттерді шешуге мүмкіндік болады деп есептейміз:

- шаруашылық қызметтердің шынайлығын (ашықтығын) қамтамасыз ете отырып, салықтың дұрыс есептелуін бақылауға және жылжымайтын мүліктің толық объектілік есебінің және оларды ағымдағы пайдаланудың негізінде салықтың уақытылы төленуін қамтамасыз етуге болады;

- жергілікті жерлерде өкімет органдарының нарықтық айналымды дамытуға байланысты олардың қызығушылығын арттыруға, сондай-ақ жылжымайтын мүліктің нарықтық бағаларын жоғарылатуға мүмкіндіктер пайда болып, жерді тиімді пайдаланудың жағдайларын арттырып, экономиканың нақты секторына инвестицияны жоғарылатуға болады;

- салықтық ауыртпалықты әділ түрде бөлудің мүмкіндіктері қалыптасады;

- заңсыз операцияларды жою және салықтан жалтаруды қысқарту арқылы бюджеттік түсімдерді көбейтіп, жылжымайтын мүліктердің табыстылық және фискальдық қуаттылығын жүзеге асыруға болады;

- жылжымайтын мүліктердің нарықтық құндарының өсуіне байланысты салықтық базаны ұлғайтудың нәтижесінде инженерлік-әлеуметтік инфрақұрылымға салған күрделі қаржының қайтарымдылығы қамтамасыз етіледі.

Нарықтық экономикасы дамыған елдердің жылжымайтын мүлікке салық салу жүйесіне талдау жүргізу көрсеткендей, бұл елдердің басым көпшілігінде жер мен басқадай жылжымайтын мүлікке салық салу мемлекет саясатының әрекетті құралы болып табылады. Сонымен қатар, әлемнің көптеген елдерінде қолданылатын жылжымайтын мүлікке салынатын салық фискальдық, ынталандырушылық және әлеуметтік функцияларды орындау тұрғысынан оң нәтижелерге қол жеткізген. Егер біздің елдегі меншікке салық салу тәжірибесінде осындай жаңалықтарды енгізетін болсақ, ынталандырушылық, есептеу, болжау жеңілдігі, алыну механизмі мен бақылау қызметіндегі артықшылықтарын былай қойғанда, бюджеттегі түсімдерінің артуы есесінен осы салықтардың үлесі де артатыны сөзсіз, ал бұл өз алдына ілгері экономиканың дамуына үлкен түрткі болары анық.